

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Словак Республикасының Мәдениет министрлігі арасындағы Мәдени ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы

Братислава қ., 2007 жылғы 21 қарашадағы Меморандумы

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Словак Республикасының Мәдениет министрлігі арасындағы Мәдени ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы

МЕМОРАНДУМ*

(Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Словак Республикасының Мәдениет министрлігі, бұдан әрі "Тараптар", өз мемлекеттері арасындағы достық қарым-қатынастарды дамытуға және терендегуге үмтүла отырып, Тараптар мемлекеттерінің мәдениет, өнер және тарих салаларындағы өзара түсіністіктерін нығайтуға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1. Тараптар мәдениет және өнер саласындағы ақпараттармен алмасуға ықпал етеді.

2. Тараптар мемлекеттерінің түрлі мекемелері мен жеке тұлғалары арасында әдебиет, визуальды өнер, дизайн, музика, би, аудиовизуальды қызмет, кино, мәдени ескерткіштер, мұражайлар, галереялар, кітапханалар және дәстүрлі фольклорлық өнер салаларындағы ынтымақтастықтың дамуына Тараптар ықпал етеді.

3. Осы Меморандумға Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешеді.

Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және шектеусіз мәрзімге жасалады.

Осы Меморандум Тараптардың бірінің осы Меморандумның қолданысын тоқтату туралы келесі Тараптың жазбаша хабарламасын алған күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

2007 жылы қарашаның 21-де Братислава қаласында екі тұпнұсқа данада, әрқайсысы

қазақ, словак және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Меморандумның ережелерін талдауда көліспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

(*Колдары*)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК